



# **Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулық**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулық "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабын нақтылау мақсатында қабылданды және сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау рәсімін регламенттейді.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар қолданылады:  
мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті ;

сот сараптамасының органдары:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицина орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қылмыстық қуғындау функцияларын атқаратын мемлекеттік органның бөлімшелерін алмағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функцияларына сот сараптамасын өндіру кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мамандандырылған бөлімшелері;

апелляциялық комиссия - сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттауды өткізу кезінде туындаған дауларды қарау мақсатында мемлекеттік орган құрған комиссия.

3. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау - кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын сот сарапшыларды кәсіби деңгейін және аттестатталушы тұлғаның атқаратын қызметіне сәйкестігін анықтау рәсімі.

4. Аттестаттауды әрбір бес жылда мемлекеттік орган құратын, құрамын оның бірінші басшысы бекітетін аттестаттау комиссиясы өткізеді.

5. Аттестаттау комиссиясы комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ішінен төраға тағайындалады. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің саны кемінде жеті адамнан тұруы тиіс.

Аттестаттау комиссиясының құрамына: мемлекеттік органның, медицина ғылымы мен білім беру ұйымдарының, сот сараптамасы органдарының практикалық денсаулық сақтау және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

6. Аттестаттаудан оларға біліктілік емтиханын тапсыру нәтижесінде мемлекеттік органның комиссиясы сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік беретін сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшылар өтеді.

## **2. Аттестаттау материалдарын қарау рәсімі**

7. Сот сараптама органдары мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттарды :

1) мемлекеттік органның басшысы белгілейтін мерзімдерде аттестаттауға жататын тұлғалардың тізімін;

2) сот сараптама органы басшысының кәсіби қызметі, көтермелеудің болуы және тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтерден тұратын, сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыға берілген мінездемесін;

3) жоғары кәсіби білімі туралы дипломының нотариалдық расталған көшірмесін ;

4) ұйымның кадр қызметінің басшысы растаған еңбек кітапшасының көшірмесін ;

5) медициналық қызметпен айналысу құқығына маман сертификатының көшірмесін (медициналық білімі бар тұлғалар үшін);

6) ұйымның кадр қызметінің басшысы растаған біліктілік көтеру, мамандандыру курстарынан өткені туралы құжаттарының көшірмелерін;

7) сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік куәлігін беру туралы нотариалдық расталынған көшірмесін ұсынады.

8. Мемлекеттік органның аумақтық басқармалары аттестатталушылардың аттестаттау материалдарын зерделеп және талдап, оларды оның отырысы басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей мемлекеттік органның комиссиясына жібереді.

## **3. Аттестаттауды өткізу**

9. Аттестаттау мемлекеттік органның басшысы белгілейтін мерзімдерде әңгімелесу түрінде өткізіледі.

10. Әңгімелесу барысында сот сарапшының кәсіби деңгейі бағаланады.

11. Егер комиссияның отырысына комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, аттестаттау комиссиясының шешімі заңды болып саналады.

Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аттестатталды;

2) аттестатталмады.

13. Аттестаттау нәтижелері осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделеді.

14. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау куәлігін беруден бас тарту туралы шешімді қабылдаған жағдайда отырыстың хаттамасында бас тартудың дәлелдері көрсетілуі тиіс.

15. Аттестаттау куәлігін беру немесе аттестаттау куәлігін беруден бас тарту туралы шешім мемлекеттік орган басшысының бұйрығы түрінде ресімделеді.

16. Аттестаттау куәлігі атқаратын қызметке аттестатталушы тұлғаның сәйкестігіне сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік куәлігінің заңды күшін растайтын құжат болып табылады.

16. Аттестаттау куәлігі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау комиссиясы отырысы болған күннен бастап бір ай ішінде 5 жылға беріледі.

17. Аттестаттау куәлігі атқаратын қызметке аттестатталушы тұлғаның сәйкестігіне сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік куәлігінің заңды күшін растайтын құжат болып табылады.

18. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік куәлігі болмаған және одан айырылған, сондай-ақ оны уақытша тоқтатқан жағдайларда аттестаттау куәлігінің заңды күші болмайды.

Сарапшының аттестаттау куәлігінің көшірмесі оның жеке ісінде сақталады.

19. Аттестаттаудан өтпеген сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшы мамандығы бойынша біліктілігін көтеру курстарынан өткен жағдайда 6 айдан кейін қайта аттестаттаудан өтуге құқығы бар.

#### **4. Қорытынды ережелер**

20. Аттестаттауды өткізу кезінде туындаған даулар апелляциялық комиссиямен немесе сот тәртібінде қаралады.

Сот-медициналық, сот-психиатриялық  
және сот-наркологиалық сарапшыларды  
аттестаттауды өткізу жөніндегі

нұсқаулыққа 1-қосымша

**Аттестаттау комиссиясы отырысының**  
**200\_\_жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_**

**№\_\_\_\_\_ хаттамасы**

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Лауазымы \_\_\_\_\_

3. Аттестаттау комиссиясы отырысының күні \_\_\_\_\_

4. Әңгімелесу нәтижелері \_\_\_\_\_

5. "иә"\_\_\_\_\_, "қарсы"\_\_\_\_\_дауыстары бойынша шешім қабылдау үшін  
аттестаттау комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері

6. Аттестаттау комиссиясының шешімі

Қолы:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

Сот-медициналық, сот-психиатриялық  
және сот-наркологиалық сарапшыларды  
аттестаттауды өткізу жөніндегі

нұсқаулыққа 2-қосымша

**Аттестаттау куәлігі**

Осы аттестаттау куәлігі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ берілді.

Ол \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

сот сарапшыларын аттестаттаудан өтті.  
Аттестаттау куәлігін беру туралы шешім шығарған тиісті орган  
басшысының 200\_\_жылғы "\_\_\_" N\_\_\_\_\_бұйрығы  
Т і р к е у N \_ \_ \_ \_ \_  
Берілген күні 200\_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Куәлік 200\_\_жылғы»"\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды.  
"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті басшының қолы"  
"Мөрдiң орны"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК